

## 2009 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 1116 Қаулысы. Жамбыл облысы Тараз қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 қаңтарда N 85 тіркелді

*Р Қ А О е с к е р т п е с і .*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 20 бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмысты ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне" сәйкес, жұмыссыздар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс б е к і т і л с і н .

2. "Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М. Ақтановаға ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтарынан туындайтын қатынастарға таралады.

*Т а р а з қ а л а с ы*

*әкімінің міндетін атқарушы*

*Е. Астаев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
І ш к і і с т е р М и н и с т р л і г і н і ң  
" Ж а м б ы л о б л ы с ы н ы ң і ш к і  
і с т е р д е п а р т а м е н т і "*

мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Ж а м а н б а е в М .

24 желтоқсан 2008 жыл

"Жамбыл облысының Әділет департаменті  
Тараз қаласының Әділет басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
К о р о т к о в В .

24 желтоқсан 2008 жыл

" Ж а с ы л Т а р а з "  
Жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігінің директоры  
А р з ы м б е т о в М .

24 желтоқсан 2008 жыл

Т а р а з қ а л а с ы ә к і м д і г і н і н ң  
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 4 ж е л т о қ с а н  
№ 1116 қаулысына қосымша

**Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары , қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс**

*Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Тараз қаласы әкімдігінің 2009.04.23 № 329 (қолданысқа енгізілу тәртібін 1-тармақтан қараңыз); 2009.08.11 № 648 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.*

№	Ұйымның атауы	Қоғамдық жұмыс - тардың түрлері	Көлемі мен нақты жағдайлары	Қатысушы- лардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері (теңге)	Сұра- ныс	Ұсы- ныс
1	Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жасыл-Тараз" мамандандырылған кәсіпорын" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Қаланы санитарлық тазалау, көркейту және көгалдандыру	Бір адамға 1125 метр, демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 12 ай	25000 жергілікті бюджет	300	300
2	Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жасыл-Тараз" мамандандырылған кәсіпорын шаруашылық жүргізу	Бекітілген учаскелерінде қаланы тазалау бойынша жұмыстарын ұйымдас- тыру	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 12 ай	13717 жергілікті бюджет		60

	құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны				60	
3	"Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі Бөлімшелердің аулаларын санитарлық тазалау	Бөлімше-лердің аулаларын санитарлық тазалау	Бір адамға 1125 метр, демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 12 ай	20000 жергілікті бюджет	10	5
4	"Жамбыл облысының әділет департаменті Тараз қаласының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 12 ай	20000 жергілікті бюджет	9	3
5	"Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 12 ай	20000 жергілікті бюджет	26	26
6	"Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Тұрғын үй" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Құжаттарды рәсімдеуге көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 8 ай мерзімге	20000 жергілікті бюджет	11	11
7	"Тараз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 8 ай мерзімге	20000 жергілікті бюджет	10	10
8	Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық жолушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Тараз су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Есептеу құралдарын орнатуға көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 8 ай мерзімге	20000 жергілікті бюджет	30	30
9	"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесі	Учаскелік полиция инспекторларына құқықтық тәртіпті сақтауға көмек көрсету	Демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 8 ай мерзімге	20000 жергілікті бюджет	450	450

10	Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жасыл-Тараз" мамандандырылған кәсіпорын" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Округтар бойынша Тараз қаласы әкімінің б а с инспекторларына көмек көрсету	демалыс күндерін ескере отырып, күніне 8 сағат, 8 ай мерзімге	20000 жергілікті бюджет	85	85
	Барлығы:				991	980

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК